

ХАТТАМА № 3

10 ақпан 2021 жыл

«Дөң мектеп-гимназиясы»КММ

Қамқоршылық кеңес отырысы

Қатысқандар: 11 адам

Күн тәртібінде:

1. «Білім алушылардың ішкі тәртіп Ережесінің сақталуы» (мектеп формасының сақталуы, білім беру ұйымдарында алып кіруге тыйым салынған заттарға жүргізілген рейдтердің қорытындысы).
2. «Білім алушылардың қосымша біліммен қамтылуы».
3. «Білім беру ұйымының есебі»

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алған мектептің қамқоршылық кеңесінің мүшесі, Дөң селолық округының бөлімшелік полиция инспекторы Р.Т. Сагинтаев сөз алып кеңес мүшелерін 2020-2021 оқу жылы барысында мектеп формасының сақталуы, білім беру ұйымдарында алып кіруге тыйым салынған заттарға жүргізілген рейдтердің қорытындысымен таныстырып өтті. Дөң мектеп-гимназиясы бойынша мектеп формасы үнемі сақталынады. Мектептің Жарғысы мен ішкі тәртіп Ережесіне сай киімдер киіледі. Діни атрибуттағы киім үлгілерін қолданушы оқушылар жоқ. Мектепке алып кіруге тыйым салынған заттар туралы өзгеріс дер кезінде мектеп Жарғысы мен ішкі тәртіп Ережесіне түзету ретінде енгізіліп, оқушылар мен ата-аналарға уақытылы таныстырылған. Ол жайында хаттамалар бар. Бірнеше рет аудандық кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекция қызметкерлерімен жүргізген рейд нәтижелері де осы мәселенің дұрыс жолға қойылғанын растайды.

Білім алушылардың қосымша біліммен қамтылуы жөнінде сөз алған қамқоршылық кеңес төрайымы А.Е. Жумашева жыл бойы бақылап келген жағдай бойынша оқушыларға берілетін қосымша білімнің деңгейіне қанағаттанатындығын білдірді. Оқушыларға мектеп және аудандық спорт мектебінің тараптарынан әр түрлі бағыттағы 20 үйірме мен секция жұмыстары жүргізіледі. Оладың жұмыс барыстары туралы ағымдағы жылдың 16 ақпанындағы оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру барысына қамқоршылық кеңес жүргізілген мониторинг жұмысы жақсы дәлел бола алады. Сонымен қатар Хромтау қаласындағы мектептен тыс білім беру орталығы мен музыка мектебіне қатысатын оқушылар да бар. Сауықтыру кешеніне қатысатын оқушылар мен пән бойынша қосымша ақылы курстарға баратын балалардың да бар екендігін, дөң орта мектебінде оқушылардың қосымша біліммен қамтылуы жақсы деңгейде екендігін атап өтті.

Өз кезектерінде мектептің қамқоршылық кеңес алдында мектептің оқу ісінің орынбасары Д.М. Бижанова, мектептің әдістемелік істер жөніндегі орынбасары А.К.Кенесова, тәрбие ісінің орынбасары А.К.Абдрахманова өз бағыттары бойынша атқарылған жұмыс жетістіктерін таныстырып өтті.

ШЕШІМ:

1. Дөң мектеп-гимназиясы бойынша білім алушылардың ішкі тәртіп Ережесін сақтауы «өте жақсы» деп бағалансын.
2. Білім алушылардың қосымша біліммен қамтылуы «жақсы» деп бағалансын.

Кеңес төрайымы
Хатшысы



Кушенова К.Е
Бекова Г.К